



Тақырыбы: Парентеральді жолмен жүгатын вирустық аурулар. Гепатит және АИВ инфекциялары. Алдын алу шаралары.



Орындаған: Қажахмет К.Д.
Факультет: Жалпы медицина
Курс: 4
Тобы: 18-02
Тексерген: Сулейменова И.М

ЖОСПАРЫ

I. КІРІСПЕ

- Гепатит түсінігі
- Жіктелуі
- Этиологиясы

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ



- Вирустық гепатит
- Клиникалық кезеңдері
- Гепатит А вирусы
- Гепатит В вирусы
- Гепатит С вирусы
- Гепатит Дельта вирусы
- Гепатит Е вирусы, жұғу жолдары, симптомдары, клиникалық көріністері
- Хирургиялық практикада вирустық гепатиттің алдын алу шаралары
- ВИЧ инфекция, жұғу жолдары, патогенезі

III. ҚОРЫТЫНДЫ



**Гепатит – бауырдың
қабынуы.**

**Гепатит вирусы бір-
бірінен
биохимиялық,
молекулярлы
көрсеткіштері
бойынша
ажыратылатын
әртүрлі таксондарға
жатады.**



Жіктелуі

Гепатит

Клиникалық
белгілеріне
қарай:

- А) жедел
- Б) созылмалы

Этиологиясы
бойынша:

- А) біріншілік (вирусты, алькогольды, дәрі-дәрмектік
- Б) екіншілік (инфекциялық аурулардан соң, улануға т.б. байланысты)

Морфоло-
гиясына
қарап:

- А) жедел (эксудативті, продуктивті)
- Б) созымалы (активті, персистенциялы, холестазага байланысты)

Қабынудың
таралу
шегіне
байланысты:

- А) ошақты
- Б) дифузды

Этиологиясы:

Гепатитті тудырушы негізгі себептерге әртүрлі инфекциялардың және улы заттардың әсерлері жатады.

Улы заттар қатарына әртүрлі гепатотропты улар:

- фосфор,
- синап,
- тортхлорлы көміртек,
- фосфордың органикалық қосындылары,
- алкоголь т.б. жатады

Көптеген дәрі-дәрмектер, мысалы ПАСК, фтивазид, тетрациклин, сульфаниламидтерді ұзақ уақыт қолданғанда бауырда қабыну үрдісі дамиды

Көптеген созылмалы инфекциялар:

- туберкулез
- мерез
- бруцеллез
- ішек құрттары (эхинококкоз, т.б.)
- қарапайымдылар (лямблиялар) да бауырдың созылмалы қабуына алып келеді.

Инфекциялардың ішінде вирустардың орны ерекше.

Вирусты гепатитті мынандай қоздырғыштар тудыру мүмкін:

- Сары лихорадка вирусы
- Герпес вирус
- Қызылша вирусы
- Коксаки вирусы
- Маса лихорадка вирусы т.б.

Вирустық гепатиттер

Вирустық гепатиттер бауырдың өзіне тән аурулары қатарына жатады. Оларды ең алғаш рет С.П. Боткин (1888) инфекциялық сырқат есебінде, жеке бөліп қараған.

Казіргі кезде олардың 5 түрі белгілі:

1. А
2. В
3. С
4. Е
5. Дельта вирустары

Осы вирустардың әрқайсысының өзіне тән клиникалық көріністері, патогенезі, кейбір морфологиялық белгілері бар.



Клиникада вирустық гепатиттердің :

I.

Жасырын кезеңін

II.

Продромальды немесе сарғаю алды кезеңін

Сарғаю алды кезеңінде бауырдағы өзгерістер купфер жасушаларының көбеюінен басталады. Осы кезеңнің соңында гепатоциттердің ядро мен ядрошықтары үлкейіп, РНҚ, ДНҚ синтезі күшнейеді, жасушалар көптеп бөліне бастайды.

III. Сарғаю немесе аурудың өршу кезеңін,

Сарғаю кезеңінің басында-ақ бауырда дистофиялық (вирустық гепатиттер үшін баллонды дистрофия дамуы мүмкін) өзгерістер дамиды. Бауырды эндоскоппен қарағанда, ол қызыл-сары немесе қызыл ала түрде көрінеді.

IV. Реконвалесценция кезеңдерін

Сауығу кезеңінде жедел өзгерістер басылып, некроз ошақтары жойылады. Бауырда регенерация құбылыстары көріне бастайды.

ажыратады.

Симптомдары, клиникалық көріністері

Вирусты гепатиттің әр түрінде инкубациялық кезең ұзақтығы әртүрлі болады:

Ең аз уақыт А гепатиті кезінде – 2-4 апта,

Ең ұзақ уақыт В гепатиті кезінде – жарты жылдай

Инкубациялық кезең өткеннен кейін алғашқы симптомдар пайда болады.

Аурудың қарқыны жіті, созылмалы, симптомсыз өтеді. Ең қауіптісі созылмалы түрі(В,Д,Д гепатиттеріне тән)

Ауыртпалылық дәрежесіне қарай жеңіл, орташа ауыр, ауыр формада өтеді.

Сонымен қатар фульминантты, яғни тез өте шығатын формасы болады.

Нақты сиптомдар вирустың түріне қарай әртүрлі болады. Негізгі ортақ сиптомдар ол:

- Диспепсиялық өзгерістер
- Оң жақ қабырға тұсының ауыруы
- Талақ пен бауырдың тығыздалуы мен ұлғаюы
- Бауыр қызметінің бұзылуы
- Зәр мен нәжіс түсінің өзгеруі
- Сарғаю

Гепатит А вирусы

Вирус РНҚ виrustарына кіреді, клиникалық ағымы жедел. А виrustар қоздыратын гепатиттің басқа ішек инфекциялары тәрізді жуылмаған қол арқылы (яғни асқазан-ішек арқылы) жүгатыны белгілі. Сондықтан оның эпидемиясы жаз, күз айларында байқалады.



Симптомдары науқастың жасына байланысты.
Неғұрлым жасы үлкен болған сайын, соғұрлым ауыр өтеді.

Инкубациялық кезең: 7-50 күн арасы.

Продромальды кезең
симптомдары: бастың ауруы, жәтел, әлсіздік, буындардың ауруы, терінің бөртуі, тәбеттің болмауы, құсу.

Сарғаю кезеңінде зәрдің түсі қарайып, нәжіс түсі түссізденеді. Бұл кезеңде науқастың жағдайы жақсара бастайды.

Гепатит В вирусы

Вирус ДНҚ вирусына кіреді, қан құйғанда, вакцинация кезінде, операциядан соң шанышқанда ауру адамнан сау адамға өтеді, сондықтан оны *сарысу гепатиті* деп атайды. Сонымен қатар вирус сөлде, ұрықтық сүйиқтықта, қынаптың секретінде, несепте табылған. Іштегі ұрыққа инфекция плацента арқылы түседі немесе туылу кезінде жүғады. Клиникада бұл гепатиттің түрі ауыр өтіп өлімжітімге көбірек алып келеді және де созылмалы түрде өтеді. Вирустың 3 антигені анықталған:

сыртқы қабығында беткей антиген – HbsAg бар,
өзінің қабығында екі антиген -HbsAg және HbeAg табылған.
Осы антигендерге қарсы организмде антиденелер түзіледі.

Сиптомдары гепатит А вирусына ұқсас.

Инкубациялық кезең – жарты жылдай.

Продромальды кезеңде жүректің айнуы, құсу, іштің оң жақ жоғарғы бөлімінде ауырсыну сезімі, жөтел, бас ауру, буындардың қақсауы болады.

Сарғаю кезеңінде әлсіздік, ұйқы басып адамның терісі сарғаяды. Көкбауыр, бауыр ұлғаяды. Бауырдың зақымдануына байланысты бауыр циррозы, рагі, жедел бауыр жетіспеушілігі дамиды.

Гепатит С вирусы

Бірспиралды РНҚ-вирусы қатарына жатады. Бұл инфекция қан қүюды, вена ішілік инъекцияларға (наркомандарда), ағзалар трансплантациясына байланысты дамиды. Клиникалық ағымы жеңіл болғанымен 30-60% жағдайда созылмалы гепатит түрінде өтеді, сондықтан гепатит С-дан кейін бауыр циррозы немесе гепатоцеллюларлық рак дамуы мүмкін.

Инкубациялық кезең – 2-26 апта. Ауру сыртқы клиникалық қөріністерсіз өтеді, бауырдың зақымдануы дамиды. Сарғаю көп жағдайда тән емес. Жедел формасы кезінде науқас құсады, жүрегі айныйды, буындары қақсайды, астың қорытылуы бұзылады. Қауіптілігі 70-80% жағдайларда аурудың жедел формасы созылмалы түрге айналуында. Ол өз кезегінде бауыр рагіне немесе циррозына әкелуі мүмкін. Ең қауіптісі гепатиттің басқа түрімен бірігіп көрініс беруі, ол өлімге әкеледі.

Гепатит Д вирусы

Вирус РНҚ- вирустары қатарына жатып, оның сыртқы қабаты HbAg-мен қоршалған. Вирустың организмде көбеюі үшін В-гепатитінің вирусы болуы шарт. Дельта-вирустар В-гепатитімен қатар дамиды немесе осы инфекцияға қосылады. Сөйтіп, В-гепатиттің клиникалық ағымын ауырлатады, бауырдың зақымдануын күштейді.

Инкубациялық кезеңі – 1,5-6 ай

Симптомдары В гепатитіне ұқсас. Е,Д және В вирусын жүктыру бір уақытта өтеді, себебі Д вирусы адам ағзасында өз еркімен тіршілік ете алмайды. Біріккен инфекциядан ауру ауыр түрде өтіп, бауыр циррозы дамиды.

Гепатит Е вирусы

РНҚ-вирустар тобына кіреді. Жұғу жолдары, клиникасы гепатит А-ға ұқсас. Бірақ, екіншінде ауыр түрде өтіп, өлім себебі болуы мүмкін.



Негізгі симптомы сарғаудың пайда болуы. Ерекшелігі сарғаю кезінде науқастың жағдайы жақсармайды.

Инкубациялық кезең – 14-50 күн

Продромальды кезең симптомдары: астың қорытылуы бұзылады, жалпы хал-жағдай нашарлайды, температура жоғарлауы мүмкін. Өте ауыр формаларында вирус тек бауырды ғана емес бүйректі де зақымдайды.

Жұғу жолдары

Ағзаға екі жолмен түседі:

1. *Энтеральды (ауа-тамишылы)*
2. *Парентеральды (қан арқылы)*

Энтеральды жол арқылы А,Е вирустары жүғады. Вирус науқас адамнан ауа-тамшылы жолмен түсіп, су, ас арқылы сау адам ағзасына түседі және жеке бас гигиенасын, тазалықты сақтамаудан жүғады.

Парентеральды жол арқылы В,С,Д,Г вирустары жүғады. Соның ішінде В,С вирустары өте қауіпті. Көбінесе науқаспен тікелей байланысқа түскенде, қан құйғанда, операция жасағанда қаны арқылы жүғады. Сондықтан С гепатиті - посттрансфузионды гепатит деп аталады.

Сонымен қатар гепатит вирусы татуаж жасағанда, стерильді емес инелермен құлақ тескенде, жыныс жолдарымен де жүғады, наркомандар арасында жиі кездеседі.

В,С,Д,Г вирустары вертикальды жолмен, яғни анадан балаға жүғады. Ана сүті арқылы жүқпайды. 40% жағдайларда жұғу жолы белгісіз қалады.

Вирусты гепатиттің алдын алу

Соңғы 10жыл ішіндегі алынған негізгі ғылыми деректер вирусты гепатит туралы қалыптасқан тұжырымдарды қайта қарауға негіз болды. Сонымен бірге герпатит вирусының медициналық практикадағы маңызы жөнінде және теориялық мәліметтерін қарастыруда көптеген қыыншылықтар туындалады. Негізгі қыыншылық жұмыс істеу барысында медицина қызметкерлерінің вирусты жүқтыйып алуы.

Жүргізілген зерттеулер бойынша белгілі бір медицина саласындағы қызметкерлердің ішінде гемодиализ бөлімінің қызметкерлерінің, медбикелердің, тіс дәрігерінің әсіресе хирургтардың ауруды жүқтыву қаупі жоғарғы екені анықталды.

Медицина қызметкерлерінің вирусты жүқтывуы емдеу мекемелерінде қан арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар гепатит вирусы сілекей, жас құрамында, вагинальды солде, спермада, зәрде болуы мүмкін. Қанда вирус өте көп мөлшерде және толықтынды жағдайда болады. Сыртқы ортада вирус, бөлме температурасы жағдайында қан құрамында 7 айға дейін тіршілік етеді.

Өкінішке орай қазіргі уақытқа дейін қолданылып келе жатқан санитарлы, эпидемияға қарсы шаралар медицина қызметкерін бұл аурудан сақтай алмайды.

Гепатит вирусының жиі анықталу себебі:

- дәрігердің қоздырғыштың тараған ортасы – сілекей, әсіресе қанмен жиі тікелей қатынаста болуы;
- операция барысында сызаттар алу;
- медициналық құралдармен жұмыс істеу барысында жаракаттар алу;
- ауа-тамшылы жолмен.

Вирусты гепатиттің алдын алу алдымен асептика және антисептика ережелерін сактаудан басталады. Құралдарды дезинфекциялаудың, стерилизациялауға дейінгі өндөудің маңызы өте зор.

Дезинфекциялаушы заттарды тандағанда, сол заттың бактерицидті, вирулицидті, фуницидті, спорацидті әсеріне мән беру керек. Вирулицидті әсері жоқ және I-II топтағы қатер қаупі бар дезинфекциялаушы заттарды қолдануға болмайды.

Стерилизациялаудың тиімді тәсілі автоклавтау (120С, 15 мин), құрғақ-ауалы стерилизация(180С, 1 сағат). Хирургиялық бөлмелерді ультракүлгін сәулемен сәулелендіру керек.

**Емдеу-профилактикалық
мекемелеріндегі медицина
қызметкерлерін гепатит вирусын
жүктыру қаупінен сақтандыруға
багытталған арнайы
иммунопрофилактика:**

1. Эрбір медицина қызметкеріне вируска қарсы вакцина жасалуы керек
2. Егер медициналық манипуляциялар жасау барысында науқастың қаны арқылы вирусты жүқтүрса, тез арада ВГВ қарсы иммуноглобулин, (жүқтүрған уақыттан 24 сағат ішінде) кейін 7 күн ішінде ГВ қарсы вакцина жасау керек. Ревакцинация 1 немесе 6 айдан кейін жасалады.
ГВ қарсы жоспарлы вакцинацияның тек 3 рет егу жасағаннан кейін ғана әсері болады.



ВИЧ ИНФЕКЦИЯ

Жүғу жолдары.

Инфекция негізінен ауру адамнан сау адамға жыныстық қатынас жолымен немесе шприц арқылы жүғады. АИТ инфекция көбінесе қауіп-қатер тобына кірушілерде (жезекшелер, нашақорлар, гомосексуалистер) дамиды. Ол топқа гемофилияны да жатқызуға болады. Екіншіден ол анадан іштегі балаға да беріледі (24-50%) Транспланцентарлы, туылу кезінде, туылған соң емшек сүті арқылы берілуі мүмкін. Кейбір жағдайларда инфицирленген донордың қанын құйғанда немесе кәсіпке байланысты (хирург, гинеколог) дамиды.

Клиникасы бойынша АИТ инфекциясы басқа вирустар сиякты бірнеше кезеңдерден өтеді:

- **Жасырын кезең**
- **Алғашқы белгілірдің пайда болу кезеңі**
- **Екіншілік аурулар кезеңі**
- **Соңғы кезең**

Аурудың жасырын кезеңі басқа инфекцияларға тән жалпы өзгерістермен сипатталады. Аурудың алғашқы белгілеріне лимфоаденопатия тән. Бұл кезеңде АИТ ға қарсы антиденелер анықталады. Аурудың екінші кезеңі 3-5 жылға созылады. Аурудың үшінші кезеңі үшін иммундық жүйенің бұзылып, екіншілік инфекциялар дамуы тән. Алғашында кандидоз, фурункулез, герпес, белдемелі теміреткі дамиды. Төртінші кезеңді ЖИТС деп атайды. Бұл кезеңде ЖИТС ке тән Капоши саркомасы, пневмоцисталы пневмония өріс алады және тағы басқа да оппуртунистік инфекциялар байқалады.

Патогенезі

АИТ ны жүқтүрған адам ерте ме кеш пе ауырады. Организмге түскен вирустар алғашында жілік майында көбейіп, кейін бүкіл денеге тарапады. Вирустық капсидте СД4 антигендерді қосып алатын рецептор бар. Сондықтан вирустар Т-4 лимфоциттерде өсіп дамиды. Репликация үрдісі нәтижесінде осы лимфоциттер жойылып немесе олардың саны азая бастайды. Осыған байланысты Т хелперлер мен Т супрессорлар арақатынасы бұзылады. Қалыпты жағдайда ол 1:1 болуы керек. Ал ЖИТС кезінде ол 0-ден төмен болады. Нәтижесінде В лимоциттер қызметі бұзылып, организмде өсіп өнуіне қолайлы жағдай күтіп жатқан инфекциялардың дамуына жол ашылады. Иммундық бақылаудың істен шығуына байланысты лимфоидты жүйенің ісіктері пайда болады.

Қорытындылай келгенде:

ГВ вирус тасуши науқастан ауа-тамшылы, парентеральді жолмен, операциялар кезінде науқаспен тікелей қатынасқа түскен кездे қаны арқылы жүғады;

Вирусқа қарсы арнайы иммунитетті қалыптастыру үшін медицина қызметкерлеріне әрдайым уақытында егулер жасап отыру керек;

Айтылған екі жағдайда да:

- Әрдайым толықтай тексеруден өтіп отыру керек
- Асептика және антисептика әдістерін жетілдіру керек.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т. Қасенов, Қ. Дұрманов “Жалпы хирургия”
1992ж
2. В.И. Стручков, Ю.В. Стручков “Общая
хирургия”, Москва 1988г
3. Гостищев В.К Общая хирургия, М. 2003
4. Петров С. В. Общая хирургия, С-П. 2002
5. Интернет сайты

